



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 42 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2013 жылғы 13 қараша**

***«Қазақстанның фаунасы мен флорасы»
монеталар сериясынан
«Каспий итбалығы» ескерткіш күміс монетасын
айналысқа шығару туралы***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 13 қарашадан бастап **«Қазақстанның фаунасы мен флорасы»** монеталар сериясынан номиналы 500 теңгелік, «proof» сапалы **«Каспий итбалығы»** ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Каспий итбалығы» ескерткіш күміс монетасының нысаны сопақша. Монетаның бет жағында (аверсінде) жүзіп бара жатқан итбалықтың және күннің стильдендірілген бейнесі. Монетаның жоғарғы бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕНГЕ» деген жазу, сол жағында Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бар. Төменгі бөлігінде сопақшаны айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 24 g» деген жазу бар.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) ортасында мұздақтардың арасында Каспий итбалығы күшігімен бірге және алтын жалатылған күн бейнеленген. Монетаның жоғарғы бөлігінде сопақшаны айналдыра мемлекеттік тілде «КАСПИЙ ИТБАЛЫҒЫ», түрдің латынша атауын білдіретін «PHOSA CASPICA» деген жазба, төменгі жағында соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген. Сопақшаны айналдыра шығыңқы жиек. Қыры (гурты) бедерленген.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 24 грамм, сопақша 38,61 x 28,81 мм., дайындау сапасы – «proof», таралымы – 5 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монета Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі

Каспий итбалығы немесе Каспий нерпасы (лат. *Phoca caspica*) – нағыз итбалықтардың, ескекаяқтылар отрядының түрі. Әлемдегі ең кішкентай итбалық – Каспий теңізінің эндемигі. Қыста, ерте көктемде және қара күзде Каспий итбалығы теңіздің солтүстігіне қарай ығысады, сол жерде мұздарда жиналып, күшіктейді және түлейді, күзде Еділ мен Жайықтың сағасына түсіп, Волгоградқа дейін барады және Жайықты бойлай 200 км жоғары жылжиды, көктемде оңтүстікке қайтады. Топталып жүреді. Жойылу қаупі жағдайында.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монетаның дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш күміс монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39 E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz